

"Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі №106-16/4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 27 қазандағы № 115-17/7 шешімі . Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 қарашада № 6025 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 250-45/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 23.08.2019 № 250-45/2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі № 106-16/4 "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2017 жылғы 4 қазанда № 5981 тіркелген, 2017 жылғы 13 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Аталған шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасындағы 8-тармағының 3 абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"колледж және жалпы білім беретін мектептен кейін "Бакалавр" академиялық дәрежесін алу үшін – жылына бір рет, 392 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қалалық мәслихатының
кезектен тыс XVII сессиясының төрағасы
Қызылорда қалалық*

Ғ. ЖАҚСЫЛЫҚОВ

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысының жұмыспен
қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ М.ЕРГЕШБАЕВ

"27" қазан 2017 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК